

ШАХИМАРДЕН

Т О М И Р И С

/Шұғыла/

трагедия

**Қазақшалаған
Қалихан ЫСҚАҚ**

Алматы. Шілде. 1999 жыл.

Басты кейіпкерлер

1. Томирис-Шұғыла – сақ патшасы.
2. Балхаш – Шұғыланың күйеуі.
3. Спаргапис – бекзада, Шұғыланың ұлы.
4. Кир – парсының патшасы.
5. Елес – жедігөй кемпір.
6. Амаға – сарматтар падишасы.
7. Мард – Кирдің кеңесшісі.
8. Ардашир – массақ көсемі.
9. Массақтар көсемі.
10. Жасауылдар, жендеттер, сарбаздар, игі-жақсылар.
11. Амазонка би тобы.
12. Парсы сарбаздарының би тобы.
13. Сақ сарбаздарының би тобы
14. Күзетші.

Пролог

Тас қараңғы түнде жалпылдап тұрған от. Жәдігөй кемпір Елес жалынға алақанын аластап отыр.

ЕЛЕС: Ей, қасиетті Көк Аспан! Жер-Ананы жараттың, жараттың да тіршілікті жайнаттың: жұлдызбен тілдескен тау, жыртылып айрылған аң, жусанды жазира, жағасы жайсаң, дария – бәрі де сенің рахымың! Дүние ғажап! Дүниеде бәрінің де орны бар. Тек адамды неге жібердің? Жібердің де махаббат сезімін сыйладың. Махаббат тек Тәңірге ғана еді ғой. Махаббат адам үшін азап, арсыздық, ажал. Бұл аз болғандай ақыл бердің, жазуды үйреттің, оқуды үйреттің, мақтануды үйреттің, ақталуды да үйреттің. Енді келіп Тәңір ғана білетін жаратылыстың құпиясын қазып жатыр. Сен жаратқан дүниенің дүмін өзгертіп, өздерінше өмір құрып жатыр. Оның қақпасы да көп, қақпаны да көп, тіршілікті жалмайтын өрті де көп, тірісінен өлісі көп. Жер-Анаға адаммен бірге арсыздық келді, азап келді, өшпенділік келді, өлім келді. Пенде біткен Тәңірмен теңескісі келеді: Тәңірдің такаббарлығын тәж қып киіп, ақылын ышқырына қыстырып кетті. Ей, қасиетті Көк Аспан, адамның ақыл-есін қайтарып ал. Мақұлықша ғұмыр кешіп, малмен бірге күйіс қайырсын. Өлі де кеш емес. Адам шіркін Жер-Ананың бар мәйегін емген жоқ, Жер-Ананың бар қызығы семген жоқ. Көркі таз болмай тұрғанда, тазалығы саз болмай тұрғанда тоқтат! Саған тіршілікті өшіріп тастап, қайта жаратқан оңай ма, әлде барды сақтап, есіріктен естиярды ақтап алған оңай ма?!.

Сақ көсемі Ардашир келеді.

АРДАШИР: Әй, кәрі қақпас! От сапырып, Көктен тағы не тілеп жатырсың? Әлде тағы да жүз жасағың келе ме?!

ЕЛЕС: Мазамды алма, пендем!

АРДАШИР: Шұғыла патшайым маған қатын болса деп едім, соған сен дәнекер болсаң деп едім.

ЕЛЕС: Япырай, Көк Тәңірі менің тілегімді орындауға асықпаса нағылсын... Сенің ақыл-есің дұрыс па?

АРДАШИР: Немене, ұрғашының етегінен сығалаған еркектің бәрі есірік деп пе едің?! Массакта менен бай ешкім жоқ. Жылқым Шұғыланың шашынан көп. Алтыным Шұғыланың бүкіл жасағын алтын сауытпен аптап шығуға жетеді. Мен...

ЕЛЕС: Сен аурусың.

АРДАШИР: Жағыңа жылан жұмыртқаласын! Менің саулығым сақтың жүз жаулығын тоздыруға жетеді!

ЕЛЕС: Дертіңнің түрі жаман. Оның атын Тәңірмен таласу дейді.

АРДАШИР: Қорқытпа! Көкке құзырым жүрмесе де көпке билігім жүреді. Отыз мың түтін маған қарап отыр.

ЕЛЕС: Мейлі, сен құдірет болсаң, мен Тәңірі емеспін. Иілмегенді көндіретін, исінбегенді өндіретін сиқыр менде жоқ. Тек бір сауалым бар: сен Шұғыланы сүйесің бе?

АРДАШИР: Сүю деген не сөз! Шұғыла маған қатын болса, бүкіл Тұран менің алақанымға сиып кетпей ме. Соны да түсінбей тұрсың ба?

ЕЛЕС: Өзіңді құдірет санасаң, патша болудың қажеті қанша?

АРДАШИР: Алжасқан екенсің! Тақтың табанында талай байлық жатқан жоқ па! Маған ел керек емес, төсеніп жатар жер керек!.. Жер! Отыз мың түтін масыл баққанымша мал баққаным артық. Жер қайысқан қол емес, жер майыстырған мал керек! Жау да тыныш, дау да тыныш, жан да тыныш! Ереуілдеп ел қорғап, етегімізге сүрінетін болған жоқпыз ба! Едіреңдеп найза көтермесең, еріксіз саған ешкім тимейді.

ЕЛЕС: Жә, көп сөйлеп кеттің. Өзің бай болсаң, өзің батыр болсаң маған несін жалынасың. Шұғылаға бар-дағы маған қатын бол деп айта сал.

АРДАШИР: Солай екен-ау. Кергітетін сонша кім еді! Байы тастап кеткен бір қатын. Еркек таппай өзі де қышынып отырған шығар. Өзім де пенде екенмін-ау, ойыма қалай келмеген. Тек бір өтініш, жалғыз отырған кезде мені жалғастыра ғой. Сый-сияпатты төбеңнен төмен қарай құямын!

ЕЛЕС: Пендеден сый-сияпат күтпейді.

АРДАШИР: Неге? Құлқының барда құмырсқаның сыбағасынан да құр қалма! Алтыннан ақымақ қана қашады!..

ЕЛЕС: Қорлағаным үшін құн сұрамаймын!..

Бірінші көрініс

Томирис-Шұғыланың шатыры. Екі адамға дастархан жасалған. Шұғыла мен оның баласы Спаргапис кіреді. /Бұдан былай сақтар арасында Томирис тек Шұғыла деген өз атымен аталады/.

ШҰҒЫЛА: Қарғашым-ау, батырым-ау, мені мұнда несіне шақырдың?

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы падишам, балам демей-ақ, батырым демей-ақ бір көрген бөтеннің көзімен маған бір қарашы!

ШҰҒЫЛА: Жә деген жігіттің көркемі сенен озған емес!

СПАРГАПИС: Бәрібір бұл жерге мен өгеймін!

Аяқ астынан Көктің құлы Елес кемпір шыға келеді.

ЕЛЕС: Тәңірімнің Жерді жаратқаны кеше ғана, ол әлі баланың еңбегіндей былқылдап тұр, әрі иен. Сонсоң да біз бір-бірімізге жатпыз!

СПАРГАПИС: Әй, қақпас кемпір, жоғал әрмән! Анашым, ұлы падишам, мына сұр жыланды қушы осы жерден!

ШҰҒЫЛА: Бұл кемпір Тәңірдің құлы. Жермен бірге жаратылған. Жермен кіндіктес әнбиді қуа алмайсың. Елес, бара тұршы.

ЕЛЕС: Кетер едім-ау, бірақ, Тәңірім маған о дүниеге барар жәннәттің жолын жауып тастаған. */Елес бір бұрышқа отыра қалып жерден әлденені тере бастайды/*.

ШҰҒЫЛА: Ей, Көк Тәңірі, ошақ басында, баламның қасында ана болып алаңсыз отыратын күн туа ма?!. Қарғашым, қас батырым, сонымен маған не айтар едің?

СПАРГАПИС: Мен сізге тосын бір көңілашар дайындап едім. Ей, көне, бастаңдар!..

Шұғыла мен Спаргапис жолбарыс терісі төселген сәкіге барып отырады. Қалқан мен найза көтеріп он сарбаз кіреді де билей жөнеледі. Бәрі де сауытпен тұмшаланып алған.

ШҰҒЫЛА: Бұлардың кім?

СПАРГАПИС: Осыдан жеті жыл бұрын өзің тас-талқан қылған бес мың соғдилықтың жұрнағы. Қырық қабат сауыт киіп, қырық қару асынған қыруар қолды ойсырата жеңді дегенге жат түгіл өз жұртымыз сенген жоқ. Бірақ сен жеңдің. Бұл ақиқат! Өйткені әлемде сенен әйгілі патшайым жоқ, сенен күн де қаймығады! Сенде арыстанның айбыны, Тәңірдің ақылы бар!..

Сахнаға маска киген адамдар жүгіріп шығады: маскасы мүйізі қарағайдай өгіздің басы, соғдилықтарды іреп-сойып шырқ үйіреді. Шұғыла мәз болып күлген.

ШҰҒЫЛА: Хорезмнің бауында бармақтай-ақ құс бар, сайрағанда үні балдан тәтті. Сенің де көмейің тыңдаушының көңілін суырғандай, мен де тіршілікті ұмытып, тіліңді ғана бағып отырмын. Сонымен, мұның өтемі не? Сыйға – сый, сыраға – бал!.. Неге үндемейсің?.. Ат мінгізейін бе, алтын берейін бе, әлде құл керек пе?..

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, үнемі сенің қасыңда болсам, маған сол да жетіп жатыр!

ШҰҒЫЛА: Сен әрқашан менің жанымдасың. Сені жадымнан тастаған кезім болды ма?! Патшалар ат үстінде де биліктің мөрін көкірегінен тастамайды, ал менің жүрегімде тек сен болғансың! */күледі/* Ұлпадай мап-майда, кіп-кішкентай алақаныңның табымен жүзімді жылытқанмын.

СПАРГАПИС: Жоқ, менің көңілімнің көксегені басқа.

ШҰҒЫЛА: Сөзіңнің төркіні көмескі. Сенен жақын маған кім бар: патшайымның төл ұрпағы, сақ патшаларының төл мұрагері.

СПАРГАПИС: Мен де таққа отыруға жарап қалдым.

ШҰҒЫЛА: Тақ деймісің? Тақ сенен қашпас. Әлде сақтардың патшайымы бар екенін ұмытып қалдың ба?!

СПАРГАПИС: Тәңірім саған тәңірдің жасын берсін! Балхаштың сарбаздарын ертіп, сары даланы тастап кеткеніне бес жыл болды. Дай патшасының дүниеден қайтқанына жеті ай туып, жеті ай толды. Егер Балхаш тірі болса, ең құрыса әкесінің асына келсе керек еді ғой. Балхашты содан бері көрген көз, естіген құлақ жоқ. Балхаш баяғыда өлген.

ШҰҒЫЛА: Мен көзім жетпей күйеуімнің өлгеніне сенбеймін! Бұл туралы қайтып аузыңды ашпа! Балхаштың кіндігі екенінді тағы ұмытпа!..

СПАРГАПИС: Тастап кеткен әкеден қайыр жоқ.

ШҰҒЫЛА: Балхаш болмағанда тайпа көсемдері мені таққа жолатпайтын еді. Одан кейін де солардың басыма төнген найзасы мен нақағынан қорғап қалған. Талай рет жауды жасқап, жаттың пысын басып, ел тыныштығын сақтауда тізе түйістірген жоқ па еді. Егер Дай-Дахтар болмағанда, ешкім бізді ел деп мақтап, ешкім мені патша деп жақтап жатпас еді!..

СПАРГАПИС: Бекер айтасың. Ұлы патшаның тағына шыққан да, ұлы патшаның атағын шығарған да өзіңсің. Хорезмдіктерді жебенің ысқырығымен жер қылған сен емес пе едің! Көсемдердің көкми ұрық-шарқын қуып шығып, қара тобырдың қас батырларынан жасақ құрған сен емес пе едің?! Сарматтардың Амагу патшайымына табаныңды жалатып, жеңілмейді дейтұғын қыздарын табанда таптаған сен едің ғой!

ШҰҒЫЛА: Сонымен тілегің не, соны айтшы.

СПАРГАПИС: Маған керегі – Дай патшалығының тағы. Жетісудан жаушы келіп, біздің елге патша бол деп тілек айтты.

ШҰҒЫЛА: Ендеше тілегің орында. Сенің атаң, менің әкем Спаргапис, әкеден мирас қалған патша тағын бермейміз дегенде массақ көсемдерінің шатырын ат тұяғымен таптап, билік таңбасын тартып алған. Сонда тура сенің жасыңда еді.

СПАРГАПИС: Айтарға бәрі оңай. Балхаштың інісі Дайлықтардың жаңа жасағын құрып, мені Жетісуға жолатпауға бұйрық беріпті.

ШҰҒЫЛА: Дұрыс істеген. Жетісу соның елі, ол да патшаның мұрагері.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, маған жасақ берсең, мен де тақты тартып аламын! Тақ менен кетпесін, бақ басқаға жетпесін десең осыны істе.

ШҰҒЫЛА: Жоқ, балам! Қырық ру болсақ та жатырымыз бір. Ағайын арасындағы қырғын мүлдем тоқтаған. Әкем өлер алдында семсерін маған ұстатып тұрып осыны тапсырған. Аманатты ұмытсақ - ант ұрады. Бір кездегі ұлы Тұраннан не қалды?! Көсембіз деп көкитін көрсоқырлар билік үшін тайпа-тайпаға бөлініп, бірінің кеңірдегін бірі орып, сайын жазираны қанға бөктірді. Ағайын ағайынды талады, қарындас қарындастың қанын ішті! Бабаларымыздың өсиеті аяққа тапталды. Әбилердің көсемі туған қызы Сары-Ененің массақ патшасы Спаргаписпен некесін мойындаудан бас тартты. Екі бірдей ұлының махаббат куәсі боп дүниеге мен келгем. Нағашымның есіл-дерті менің әкемнің көзін жою еді. Ақыры оның шаңырағын өртеп тынды да менің кіндігім от ішінде кесілген. Анам байқұс тілсіз жаудың құрбаны болды. Ұлы Тұранды өрт жалмаған! Жаудың өрті емес, даудың өрті, бақталастық пен бақастықтың, тойымсыздық пен топастықтың өрті жалмаған. Жетісуға барсаң қару ұстап емес, қарындастығыңды алға тартасың! Мансап іздеп емес, қан аңсап емес, ағайынды аңсап баруың керек! Қызылбастың Кир патшасы түстігімізді түгел жаулап, енді бізге көз алартып отыр. Ағайынмен одақ болмасақ, омақа аса құлаймыз!

СПАРГАПИС: Ол әншейін өсек. Өсек өрттен жаман. Оны тек тыңдамау керек. Қызылбастың патшасы бұл өңірге аяғын да аттамайды. Қойдың құмалағынан басқа құт қонбаған қу даладан не алады? Бұл далада ғимарат та жоқ, инабат та жоқ, биші де жоқ, күйші де жоқ! Шешінбей ұйықтап, шешінбей тамақ жеп, аттан түспейтін адыра қалған халықты нағылсын!..

ШҰҒЫЛА: Есінде болсын, аттан түспесең - сақтығың! Шешінбей ұйықтасаң - жауыңның көптігі! Шешінбей ас жесең - дауыңның көптігі. Тағы айтарым – тамағыңды өзің тауып отырсың! Бөтеннің қолынан емес, бөтеннің қолына телміріп емес, өз талқаныңды өзің талшық қылып отырсың.

ЕЛЕС: Қызылбастар тастан тау қалап жатыр. Ол неме керек бопты? Жер-Ананың жонын тіліп, дән сеуіп жатыр. Ол неме керек бопты? Тәңірім адамды малшы бол, жауынгер бол, жедігөй бол деп жаратқан. Тәңірдің жазғанын тәркі етуге бола ма?! Жерді жаралап, елді қоралағаны несі?!

СПАРГАПИС: Мені елші қып қызылбастарға жібер, көзіммен көріп қайтайын. Иранның ұрғашылары көрікті, бұрымына бура тұншыққандай деседі. Бұл да маған таңсық...

ШҰҒЫЛА: Ұрғашының қызығын ұлылыққа жеткенде білерсің. Ренжіме, қарғашым. Жол алыс, әрі қауіпті.

СПАРГАПИС: Қорыққан - қор, қорқақтық сор!

ШҰҒЫЛА: Ойланайын. Бара ғой.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, ерке десең де, ер десең де еркің, мен сенің ұлыңмын. Мен саған құл болуға да бармын. /кетеді/ Мен кеттім. Мен бұл шатырға өгеймін. Қажетім де жоқ шығар.

ЕЛЕС: Шұғыла, мен тас қамалдарды көріп қайтайын.

ШҰҒЫЛА: Тәңірім мұны қаламаса қайтесің? Баршы, тыныштық бер.

ЕЛЕС: Тәңірге тас қамаудың ешқандай қажеті жоқ. Көріп қайтайын. Мүмкін, жалған мен жарық дүниені жалғастыра қыл көпір сонда шығар, ажал дейтұғын арманға мен де жол табармын.

ШҰҒЫЛА: Тас қорған?.. Соны көру үшін жер түбінен азап іздеу адасқанның, не алжасқанның ісі. /екі қолын алдына созып, бір адым аттайды да әлде неге тірелгендей болады/. Сенің тас қамалың қашанда көз алдыңда, қарыс жерде.

ЕЛЕС: Патшайым, саған тағы бір адам келіп тұр.

ШҰҒЫЛА: Кім?

ЕЛЕС: Жас озды, жанар тозды, жүзін анық байқамадым. Көсем бе, көкми ма, кім де болса әйтеуір саған ынтық біреу.

ШҰҒЫЛА: Ынтық деймісің?! Кірсін. Біз де көрелік.

15.06.002.

Ардашир кіреді.

Ардашир: Ұлы патшайым!

ШҰҒЫЛА: А-а, Ардашир, сенбісің. Сөйле. Не айтпақ едің?..

АРДАШИР: Мен?.. Мен... өріске мал толды... ен далаға симай жатыр... ел қуанышты, жеті жыл соғыссыз ғұмыр кешіппіз... жылқы тағы боп барады...

Шұғыла Ардаширге қадалып қарайды. Патшайымның оқты жанарынан қысылған Ардашир онан сайын қуыстанып, бүрісіп, аузына сөз түспей көткеншекті береді.

ЕЛЕС: Бейшара-ау, бар айтпағың осы ма еді?..

АРДАШИР: Жоқ-ә! Менің айтпағым... Иә, мен енді түсіндім... Арсыз болғың келмесе, аруақты жерге артыңмен кірме!.. Пенденің орны – иткірме!.. Иткірме!.. /шатырдан атып шығады/. Қорлағаны үшін ешкім күн сұрамайды!..

ШҰҒЫЛА: Елес, әлгі неге келді, не деп кетті?

ЕЛЕС: Оны пенденің өзі біледі.

Елес патшайым, мас қорғандар мен көріп қайтатын
Патшайым, соған Екінші көрініс

Кир патшасының сарайы. Биік тақ. Тақ алдында еденге жайып қойған қалалардың, ғимараттардың макеті. Залға басын қос қолдап қысып Кир келеді. Бетіне алтын маска киген. Соңында көлеңкесіндей сүмендеген кеңесшісі Мард.

КИР: Ау, құдіретті күшті Ахурамазда, құдайлардың құдіреттісі, мені осыншама қинағаның неткенің, маған деген мейірімің қайда?! Қу жаныма бір мезет тыныштық неге бермейсің?! Сенің құдіретіңді құрметтеп сарай біткеннің бәріне шырақ қойдырдым, барған жер, басқан тауыма да сарай салдырып, құдіретіңді қастерлеп үш-үштен қасиетті шырақ қойдырайын!..

МАРД: Оу, патшалардың патшасы, Ұлы Кир, жан біткеннің бәріне сенің тілеуіңді тілесін деп Ахурамаздаға, құдайларға жалбарынсын деген бұйрық бердім. Аяқ басқан қалаға, атымен жеткен далаға шырақ сарайларын салдырып жатырмыз.

КИР: Мард, сенбісің?.. Мен тағы да ұйықтай алған жоқпын. Күнаһар Гаршаспе секілді арам қолмен шырақ сөндіріп, жерді нәжіспен былғап, өзенге өңез төккен жоқ едім ғой. Ұйқымды алып, ұйыққа батырғандай құдайға не жазып едім?!.

МАРД: Ұлы патшам, Мидия мен Хорезмнің қақпасын қақыратып ашқаннан бері сен патшалардың патшасы болдың. Бұдан былай мен сені осылай атайтын боламын.

КИР: Менің ұйқы көрмегеніме алты күн, алты түн. Ұйқы қашқалы миым көже, жүрегім тілім-тілім, қайдағы бір құдай атқан қажетсіз ойлар қамайды да тұрады.

МАРД: Патшалардың патшасы Ұлы Кир, бұл жалғанда сенен артқан айбынды патша жоқ. Ел біткен сенің атыңды естігеннен-ақ тізе бүгіп, бас идім деп сәлем жолдауда. Сенің атыңмен атапты жаһандағы әр шаңырақ жаңа туған сәбиін. Сенің жеңілмейтін жер қайысқан жасағың жорыққа әзір тұр. /макеттерді саусағымен нұсқап/ Батыста Вавилон мен Лидия патшалығы. Одан әрі Иерусалим мен Мысыр. Қайсысын таңдасаң, қазір аттанып кетеміз.

КИР: Иә, жорыққа аттану керек! Семсердің шыңқылы мені сергітетін шығар. Жат жердің шаң қаппаған ұлтаны менің

сәйгүліктерімнің тұяғын сағынып қалған болар. Анау Хорезмнің терісінде не бар?

МАРД: Жейхундарияның сыртында сақ даласы. Олар егін екпейді, демек болашақтың ұрқын сеппейді. Ермегі – даярды тонау, дат дегенді талау. Тәңірге табынады, Тәңір үшін құрбандыққа мал салады.

КИР: Құдайлардың құдіреттісі Ахумаразда қанды қаламайтын еді ғой. Олар соны да білмей ме?

МАРД: Олар құдайларға құлшылық етпейтін, таққа табына бермейтін тағы халық. Бізге ең жақын жатаны Томирис патшайымның массақтар елі. Үш жыл болды, бес мың қолымен Балхаш батыр саған қызмет етіп жүр. Түбі сол ел.

КИР: Білем. Талай рет алтынға бөлеп, талай-талай құл бердім, талай рет дастарханыма шақырдым. Бірақ ол массақ емес, тиргахаут.

МАРД: Құдай емес, құдайдан да былай емес патшалардың патшасы Ұлы Кир, массағың не, тиргахаутында сақ дейтұғын бір халық, түбі Тұран, бәрі тағы.

КИР: Демек, қауіпті деші. Басшысы Балхаштай болса, жасағы жүрек жұтқан жауынгер болса, мен ту сыртымды беріп отыра алмаспын.

МАРД: Қауіпті болып қыра қоймас, бірақ, жібек елі Чинге тура жол Тұран арқылы өтеді. Массақ жері бәрібір сенің найза арбаңның астында қалмақ.

КИР: Ендеше сол Тұранды жақсылап білгім келеді.

МАРД: Патшалардың патшасы Ұлы Кир, сенің тілегінді орындамайтын бұл жаһанда тірі жан жоқ. Массақтар патшайымының елшісі есік алдында тұр. Кіргізейін бе, әлде өзім қабылдайын ба?

КИР: Келсін алдыма. Бәрібір ұйқы жоқ. Шақыр бишілерді.

Музыка. Бишілер шығады. Кир оларға мән берген жоқ, сенделіп барып тағына отырады да алақанымен бетін басады. Екі жендеттің қоршауында Шұғыла мен Елес кіреді. Кир басын көтереді. Мард бишілерді шығарып жібереді. Музыка тоқтасымен екі жендет те Елесті жетелеп шығып кетеді.

МАРД: Тізеңді бүк, басыңды ій патшалардың патшасы Ұлы Кирдің алдында!

15.06. ШҰҒЫЛА: Қалғып отырған патшаға қара да бас имес! Тік тұрғанымның өзі де артық құрмет!

КИР: /басын көтеріп/ Мынауың қатын ғой!..

ШҰҒЫЛА: Шешем қыз тапса, Тәңірім жатырқамас. Мен Томирис патшайымның елшісімін. Атым Шұғыла, тегім массақ!

Кир тағы да бетін алақанымен басып, тұқырайып отырып қалған, шамасы ұйықтап кеткен тәрізді.

МАРД: Патшалардың патшасы, тиргахауттың сардары Балхашты сарайға шақырттым. Кіруге рұқсат ет. /қолын сермеп күзетшілерге белгі береді/.

Кир: кірсін.
Мард: Балхаш!

Балхаш кіреді. Шұғыламен көзбе-көз шабысып қалады да теріс бұрылады.

БАЛХАШ: Парсылардың патшасы, келіп тұрмын алдыңа!

МАРД: Балхаш, мына қатынды танысың ба?

БАЛХАШ: Киімі сақпын дейді, таңбасы – массақпын деп тұрған жоқ па. Тағы не сұрайсың?

МАРД: Аты-жөні?

БАЛХАШ: Атын әлгінде айтқан жоқ па. Ұрғашы біткеннің есімін жаттауды менің маңдайыма жазып па?!

ШҰҒЫЛА: Мен сені танып тұрмын, Балхаш. Ұмытпасам, Томирис патшайым сені Тас Төбет деп атаған еді-ау! Ел шетіне жау жолатпай, ерлігіңмен атағың шыққан. Массақтарда жер қайысқан жау ғана емес, жер майыстырған арулар да жеткілікті. Бірінің есімін есінде сақтамағаның өкінішті-ақ!..

БАЛХАШ: Парсылардың патшасы...

МАРД: Бүгіннен бастап Ұлы Кирді патшалардың патшасы деп атағайсың!

БАЛХАШ: Патшалардың патшасы, бір кезде Томирис патшайым жайында сұраған едің, тыңдауға құлқың болса, реті келгенде айтайын.

КИР: Құлағым сенде. Егер ұйықтап кетсем ат басында күміс сыйлаймын.

БАЛХАШ: Он төртінде ай толады, он төртінде қыз бойжетеді. Осыдан он алты жыл бұрын Спаргапис патша қызының көмелетке толғанын тойлап еді. Сойыс та болды, сайыс та болды. Батырлар күш сынасып көрді...

ШҰҒЫЛА: Өткеннен қалған, өсектен жалған өтірікті тыңдаған соң ұлы патша ұйықтамағанда қайтсын. Әрине, сол сайыста Балхаш батыр көсемді де, көк перісін де түгел жеңген. Сесіне еш пенде шақ келмеген, семсеріне еш қару төтеп бермеген. Айтпағың осы ма!..

БАЛХАШ: Жалған сөйлеп жалықтырар болсам, сайыс биі ермекке келсін.

Мард Кирге қарайды, Кир басын изейді. Қалқан мен сауыт киіп, семсер ұстаған қыз кіреді, найзалы жас жігіт кіреді.

БАЛХАШ: Иә, жеңімпаз атанғаным рас. Жақсы атақпен сайыс алаңынан кететін едім, бірақ осы кезде күміс дулығасы күнге шағылысып, жүрек жұтқан тағы біреу жалт етіп шыға келсін. Жекпе-жек қайта басталды. Сиыр сәске еді. Күн ұясына құлағанда ат та құлады. Найза сынды, семсердің жүзі мұқалды. Қанжарға кезек елді. Кеңірдектен оқтала бергенімде аждаһалы дулығасын қағып тастасын: асудан құлаған ақкүміс судай сүмбіле шашы иығынан ағып түсті. Мен қанжарымды лақтырып тастадым. Ол алтын белдігін мойныма салды. Жеңілгенін мойындап маған жар болды. Бірақ, қанжарын қынабынан суырмап еді. Оны менен басқа ешкім байқаған жоқ.

КИР: Соңғы сөзіңді түсінбедім, Балхаш сардар.

БАЛХАШ: Оны жәдігөйден сұрарсың. Кешір, патшалардың патшасы, мен асығыспын. Үш бірдей сарбазым әл үстінде. Жандары жаһаннамға кеткенше жандарында болайын.

КИР: */басын көтеріп/ Бар.*

Балхаш кетеді.

КИР: Сонымен атым Шұғыла деші. Томирис ханша етектерінің көркемі деуші еді. Бірақ көрік жағынан сенімен теңдесер ме екен?

ШҰҒЫЛА: Екеуіміз бір ананың сүтін ішкен емшекте, теліме туыспыз. Сонан да болар, бір-бірімізге ұқсаспыз.

КИР: Патшайымға айта бар: патшалардың патшасына бас исін, жерін сауғаға беріп, елі етегіме келіп тығылсын!

ШҰҒЫЛА: Жер көшпейді. Халық өшпейді. Байтақ жер, байтақ ел сенің етегіңе сия қояр ма екен? Ұлы патшайымды сенің етегің жылыта қояр ма екен?..

КИР: Біз – арийліктер, құдайдың сүйікті құлымыз. Қанымыз қасиетті, діліміз таза. Тағы тайпаның игі-жақсылары бізге қызмет етсін. Сарбаздары сапқа тұрады. Қойшы-қолаңы құл болуға жараса да жетіп жатқан жоқ па!

ШҰҒЫЛА: Бұл сенің ойың, оған Томирис патшайым көне қояр ма екен?

КИР: Жаратқанның бұйрығы осы. Жазмыштан ешкім қашып құтылмайды.

ШҰҒЫЛА: Жаратқаның – Тәңірге тән шығар. Саған салсақ, ғұмырлықтың құдайы бір басқа, зұлымдықтың құдайы бір басқа. Сол құдайдың қайсысы, патшалардың патшасы?

КИР: Біздің құдайымыз – Ахурамазда, жарық дүниенің құдайы соның хұзырында.

ШҰҒЫЛА: Ендеше, Томирис патшайымның таңдауға еркі бар екен ғой. Егер ол зұлымдықтың тілін алса ше? Демек, біздің елге зұлымдықпен келсең, зұлымдық қарсы алады.

КИР: Патшайымның ақылы мен айласына тәнтімін. Елшілікке ерді емес, ер таппайтын ләззәтті жібергенін қарашы. Мен сенімен айтыса алмаймын, өйткені сен тым көрікті екенсің!..

ШҰҒЫЛА: Патшалардың патшасы, егер ұрғашының көркі семсердің жүзін жасытса, онда сен тым әлсіз екенсің. Мұнда еркекті бізде баланың бесігіне, қатынның балағына байлап қояды.

КИР: Жер жаһанда менен аруағы асқан адам жоқ! Ал қатын тіресемін десе - қағынғаны шығар. Жау да, дос та қарсы келіп көрген жоқ, өмірде жасқанып, өлімнен қорыққан емеспін!

ШҰҒЫЛА: Солай ма, ал қаннан ше?

КИР: Қан деймісің?.. Кенезесі кепкен жерді қанға тойғызғаным соншалық, үш жүз жыл дәнмен көктеп, халқымды нанмен асырайды.

ШҰҒЫЛА: Жоқ, мен өз қанымды айтып тұрмын. Қанжарыңды маған бер.

КИР: Оны қайтесің?

ШҰҒЫЛА: Патшалардың патшасы, менде қорқыныш сезімі жоқ дегенің қайда?

КИР: Мейлі */қанжарын береді/.*

Шұғыла алақан кесіп қанын құтыдағы шарапқа тосады.

КИР: Қансырап өлсең, ажалыңа араша түспеймін.

ШҰҒЫЛА: Біздің дала жұртында осындай бәс бар. Бәске тек жүрек жұтқандар ғана түседі. Мә, қанжарыңды ал да қолыңды кес, кім бұрын тамырын басып, қанын тоқтатар екен, күтелік.

Кир қанжарын алып алақан кеседі де қолын шарап құйған құтыға тосады.

КИР: Егер ерегеспен екеуміз де тамырды баспай-ақ қойсақ ше?

ШҰҒЫЛА: Онда екеуміз де өлеміз.

КИР: Қызық ойын екен.

ШҰҒЫЛА: Қанның қызыл екені рас. Қызылға құмар адамға қызық көрінуі де мүмкін.

КИР: Құты толды. Енді ішу ғана қалды. Ыдысымызды айырбастаймыз ба?

ШҰҒЫЛА: Өз қаныңды өзің ішпейтін шығарсың?..

КИР: Байға тиіп пе едің? Жарың кім?

ШҰҒЫЛА: Жоқ. Бай қызығын көріп, бала сүйеге уақытым болған жоқ.

Кир алтын маскасын шешіп, келбетіме қызығар ма дегендей Шұғылаға қырындай қарайды. Шұғыла ескіріп қалған бір танысын көргендей мән бермейді.

КИР: Тіршілікте әркімнің отбасы бар: құста ұя, тышқанда ін деген сияқты.

ШҰҒЫЛА: Ұшқанның бәрі құс емес. Інге тығылғанның бәрін санаттын шығарып тастау керек! Бір пенденің бойында қабыландық та, қаншырлық та қасиет болуы мүмкін.

КИР: Екі құты да қанға толды. Үшінші құты кімдікі?

ШҰҒЫЛА: Ажалдікі.

КИР: Менің ажалым ба?

ШҰҒЫЛА: Ажалдан соң да өмір бар. Үшінші құты ажалдың сыбағасы. Енді міне, екеуміз қанмен де бір-бірімізге байландық.

КИР: Тек қанмен ғана ма?

ШҰҒЫЛА: Көк Тәңірі де осыны қалап тұр.

КИР: Құдайдан басқаға табынып көрмеген басым, саған құлап қалғаныма өзім де таңмын. Екеуміз ежелден бірге туған, бірге тұрған жандар сияқтымыз.

ШҰҒЫЛА: Сен қашан да жалғызсың.

КИР: Оны қайдан білесің?

ШҰҒЫЛА: Білуге тиіспін.

КИР: Еліңде бәстен өлгендердің моласы қанша?

ШҰҒЫЛА: Қанды соғыстарда жер қапқандардан көп емес.

КИР: Ғажап. Қансыраған адам әлсересе керек еді, менің бойым жеңілдеп, сергіп қалдым, қарақұсымның қақасағына да сап тиылды.

ШҰҒЫЛА: Болды. Қолыңды әкел.

КИР: Тоқта. Аға түссін.

ШҰҒЫЛА: Ойынды бастаған мен, аяқтайтын да мен.

Шұғыла беліндегі шаршысын шешіп Кирдің қолын таңады.

17.06.00. КИР: Сен ше?

ШҰҒЫЛА: Шаршының жармысын маған да қиярсың.

КИР: Ала ғой. Жоқ, мен өзім. Қолыңды әкел.

Кир шаршының екі шетімен Шұғыланың қолын таңып байлайды.

КИР: Маталды деген осы. Сақтың елшісі, парсыларда ежелгі заң бар: ер алдында қыз белін шешсе, төсек суытқанша көнізек боп қалғаны!..

ШҰҒЫЛА: Мен сақтың қызымын. Сақ дәстүрінен басқаға бас имеймін!

КИР: Мен анадан қайта туған секілдімін. Сонымен бұл ойыннан кім ұтты?

ШҰҒЫЛА: Бұл ойын емес. Патшалардың патшасы, сені қинаған қанның тасуы. Қарақұсыңнан қысқан да сол. Мен сенің арам қаныңды ағызып тастадым. Енді құр атқа мінгендей құтырып шыға келесің, ұйқың да қайта оралады.

КИР: Сенің шипалы қолыңнан жаным енді ғана жай тапқан сияқты. Шұғыла десе – Шұғыла: аппақ жүзің он төртінде туған айдың шапағындай, алақаның ақ қауырсын балапанның ұлпасындай мап-майда, сәбиді лебімен жылатпай ұйықтатып, естиярды жылуымен мас қылып құлатқандай екен. Кетпе менің қасымнан!..

ШҰҒЫЛА: Патшалардың патшасы, сен шаршадың, жатып демал. /алақанымен Кирдің самайын сипап, салтанат ложасына жатқызады/.

КИР: /қалғып бара жатып/ Құдай куә, мен сендей көркем жанды көрген емеспін. Сен төр шаңыраққа бәйбіше болып кіресің. Айдай жүзіңе телміріп, ақ сөзіңнен ләззат тапсам, маған сол да жетіп жатыр.. Кетпе менің қасымнан...

Авансцена. Патша сарайының кіреберісін күзеткен жендет. Мард келеді.

МАРД: Ей, күзетші, бері кел!.. Жасауыл! Бері кел деймін!

ЖАСАУЫЛ: Құзырыңызға құлмын, патшалардың патшасы ұлы Кирдің ұлы ақылшысы, кемеңгер кеңесшісі!..

МАРД: Сарайға ешкім кірген жоқ па?

ЖАСАУЫЛ: Сақ патшайымының елшісінен басқа ешкім аттап басқан жоқ.

МАРД: Бұл маңда қазір де ешкім жоқ па?

ЖАСАУЫЛ: Тірі пенде жоқ! Патшалардың патшасы және соның қонағы мен қосшысынан басқа бір адамның бұл маңда жүруге қақысы жоқ. Онда да өзі шақырса ғана. Бұл жерден бүрге де өтпейді!

МАРД: Жарайды. Бұрыл да орныға бара бер!

Жасауыл бұрылып кете бергенде Мард жауырынан пышақ салып алады. Жасауыл өкіріп құлайды. Мард пышақтың қанын оның киіміне сүртіп тығып тастайды.

*изул
кетпе
менің
қасымнан*

*кетпе
менің
қасымнан*

*4-д
картина*

МАРД: Ақымақ! Бүргені аңдығанша жатқа жауырыныңды тоспауды үйренсең етті! Ей, сақшылар! Тез жетіндер! Дабыл қағындар! Сарайда жаудың жансызы жүр!

Бір жақтан тапырлап жендеттер, екінші жақтан Балхаш шығады.

САҚШЫЛАР: Құзырыңызға құлдық, патшалардың патшасы ұлы Кирдің данышпан ақылшысы, кемеңгер кеңесшісі!

БАЛХАШ: Не боп қалды, мәртебелі Мард?

МАРД: Сарайда жаудың жансызы жүр. Сақшыны мерт қылып, енді патшалардың патшасы ұлы Кирдің өзін өлтірмек!

БАЛХАШ: /семсерін қынабынан суырып/ Мард, сақшыны өлтірген кім?

МАРД: Тұраннан келген Томирис патшайымның елшісі Шұғыла деген зымиян! Одан басқа сарайда тірі жан болған жоқ.

ЖАСАУЫЛ: Дұрыс айтады, одан басқа біздің қасымыздан бөтен адам өткен жоқ.

МАРД: Балхаш, патшалардың патшасы ұлы Кирге сенімді деген тұрандықтың бірі сенсің. Мен де саған сенемін. Шұғыла сарайдан шығысымен тұтқында да зымиянды зынданға алып түс. Ар жағын өзім тындырам!

БАЛХАШ: Ал сақшыны өлтірген басқа біреу болса ше?

МАРД: Солай ма? Солқылдап тұрсың ғой. Бір енің ішінде екен ғой. Сақшылардың не айтқанын естіген шығарсың?

БАЛХАШ: Естідім. Өтірігі жоқ. Елшіден басқа мен де ешкімді көрмедім. Бірақ, сарайға кіретін екі дәліз бар емес пе. Бірі тура, екіншісі қалтарыс. Екіншісінен сен, сосын мен ғана өте аламын.

МАРД: Сонда қалай, қастандыққа мені де қосқың келіп тұр ма?

БАЛХАШ: Жоқ, мәртебелі Мард. Саған патшалардың патшасы ұлы Кирдің өзі де күдік келтірмейді. Бірақ мен сақшыны өлтірген кім екенін білемін.

МАРД: Сонда кім бөлді?

БАЛХАШ: Мен.

МАРД: Сен бе? Өтірік. Оған тіпті себеп жоқ. Патшалардың патшасы ұлы Кирдің қанатының астында отырып оны өлтірем дегенің ақылға симайды. Дегенмен тұрандықтарға сенім бар ма, бұларды таптап тастау керек деп те талай айттым. Сатқын, сені не күтіп тұрғанын білемісің?!

БАЛХАШ: Білемін. Патшалардың патшасы ұлы Кирдің сый-сияпаты.

МАРД: Не дейді?! Сақшысын өлтіргенің үшін бе?.. Байлаңдар мынаны!..

БАЛХАШ: Асықпа Мард. Патшалардың патшасы ұлы Кирді өлтірмек болған мына аяқтың астында жатқан сілімтік.

МАРД: Жоқты айтпа. Бұл сақшы бір емес, сан жыл қызмет еткен. Бір емес, сан рет сынақтан өткен. Аузына алтын, артына күміс, қойнына кәнізек та салғанбыз. Сонда да антынан қайтқан жоқ. Парсының қаны, арийдің тегі екенін танытқан.

БАЛХАШ: Оны да білемін. Бұл сорлының кінәсі де жоқ. Сатқын да емес. Бірақ, патшалардың патшасын өлтіруді мақсат еткені рас.

Өйткені, мұның санасы мен есіл-дертін Агро-Майню құдайы дуалап тастаған.

МАРД: Бұл да әншейін сандырақ! Мүмкін емес!

БАЛХАШ: Дүниенің төрт құбыласын жайлаған қантөгіс қырғын неліктен? Жақсылықтың жаршысы, жарқын дүниенің пірі Ахурамазда мен қара түнек қасіреттің отын үрлеуші Агро-Майнюдің арасындағы бітіспес арпалыс емес пе!..

САҚШЫЛАР: Дәп солай! Агро-Майнюдің зілінен сақтай гөр!..

БАЛХАШ: Мына сорлының қасынан өтіп бара жатып естігенім: “Бүгін ұмытылмас ұлы күн! Бүгін маған Агро-Майню пірімнің дуасы қонған күн! Бүгін мен Кирді өлтіремін, бүгін жаһандағы жарығың сөнетін күні!” – деп есірді.

САҚШЫЛАР: Ей, Ахурамазда, сақтай көр бізді-зауалдан!

МАРД: Пышақты ту сыртынан салыпты. Сонда қалай, бұл сенімен теріс қарап тұрып сөйлескен бе?

БАЛХАШ: Мен мұны бассалып құртпақ едім, бұл сытылып шығып, сарайға тұра ұмтылғанда кездікті жауырынан қадауға тура келді.

САҚШЫ. Қай жерінен қадалса да сеспей қатқан екен!

МАРД: Жоғалыңдар әрман!..

Сақшылар табан астында тайып тұрады.

МАРД: Мен сені қара күштің қайраты ма десем, қулығыңа да құрық бойламайды екен ғой. Шылғи өтірікті соғып тұрсың, мен соған сеніп тұр деп ойлаймысың?!

БАЛХАШ: Ендеше мені зынданға қама да жон терімді сыпыр! Қолыңнан келсе! Тек бес мың қол дайлықтардың патшасы екенімді ұмытпа! Бес мың қолдың сарай түбінде тұрғанын тағы да ұмытпа!..

МАРД: Саған патша тағын кім беріпті?! Бар болғаны жалшысың! Алтын үшін білегін сатқан құл! Тұраннан шыққан тұрпайының біріне сенбе деп сан айтқам, әлі де айтамын. Ошағыңды ұмытсаң да, орманыңды ұмытсаң да бізге сіңбейсің! Сол үшін де Кирді сақ даласына айдап салам! Бабаңның моласын талқандап, бесіктегі балаңды талқан қып түймей менің жаным жай таппайды!..

Екеуі үн-түнсіз екі жаққа кетеді.

ШҰҒЫЛА: Елес! ~~Көк куә, Жер куә!..~~ Мен бір-ақ еркекке етегімді ашқам. Ол – Балхаш. Содан басқа еркек жоқтай оның тастай жүзіне тамсанғаным рас. Бірақ... жігіттің көркемі Кир патшадай-ақ болсын! ~~Көңіліме ұялап қалғаны соншалық, жүрегім күн қарыған көк мұздай елжіреп барады.~~ Ол ұйықтап жатыр. Ұйықтап жатып та мені күтіп жатыр. Мен оған барайын. Көп болса түсіне енермін, бір түні түсін бөліп-жарайын!.. Жәдігөйім, Тәңірден сұрашы...

ЕЛЕС: Не деп, Шұғыла? Тәңірді тәлкек қылма! Мен де бір кезде еркектің шатырына кіргенмін, бірақ Тәңірге шапағат салғам жоқ. Өзім бардым. Өзім алдандым. Өзімнен көрдім.

ШҰҒЫЛА: Ендеше ~~мен де кеттім~~

Залға қайтып келіп, ұйықтап жатқан Кирді құшақтайды.

көнеі факта

2 акт.

Үшінші көрініс

Сахнада Балхаш, қарсы алдында үш әйел – сарбаз. Балхаштың ығында сарбаздары, оларды да амазонкалар қоршап алған. Сайысып жатыр. Балхаш та, оның сарбаздары да қарсыластарына қару тигізбей, тек қорғаныста жүр. Амаға патшайым келеді. Патшайымның белгісімен зурнай дыбыс береді де амазонкалар ұрысты тоқтатып кейігн шегінеді.

АМАҒА: Кімсің батырым?

БАЛХАШ: Балхашпын. Даймын!

АМАҒА: Мені танысың ба, әлде естігенің бар ма?

БАЛХАШ: Сарматтардың падишасы Амаға.

АМАҒА: ~~Келесі соққыға төтеп бере алмассың. Сен жүзсің, біз~~мыңбыз. Тірі қалам десең тізе бүк!

БАЛХАШ: Мен Қапсақты басып Вавилоннан келемін. Жол бойы ондай қоқан-лоқының талайын естігенмін. Соның бөрінен құйынның ысқырығындай құлағымда ызың ғана қалыпты. Жауға өлімтігімізді де берген емеспіз. Ел шетінен ызың емес, жусанның иісі мен ерке самалдың лебін естиміз бе деп едік.

АМАҒА: Біз де батыстан пәле күтпеп ек, доссың ба, қассың ба?

БАЛХАШ: Қас болсақ - қан шығар еді, дос болған соң ғана тілге келіп тұрған жоқпыз ба.

АМАҒА: /сарбаздарына/ Қару қынабына кірсін, алдымызға ~~шарап~~ *қару.* келсін.

Сарбаздар кетеді. Екеуі қайтып келіп, алдарына шарап қойып, аулаққа барып тұрады.

АМАҒА: Ащы сөйлессем құдайы қонақ ашуланбас па екен?

БАЛХАШ: Ақиқат болса, ащы сөзден құдайы қонақтың қолқасы үзілмес. Тартынба, патшайым.

АМАҒА: Парсыларға жанасып кеткен пенде жарамсақ келуші еді. Байқаймын, ұрғашының ұрымтал жерін таппапсың, тіліңнің тікені әлі егелмепті. Менің қолымнан дәм тат. Қорықпа, тосын жұрттай тостаққа у қосатын әдетіміз жоқ. Біздің таңдайымыздың талғамы басқа. У қажет болса тілімнен табарсың. Бірақ одан өлмессің, өкпең қабынса да жүрегіңді бір шымшып алсам, мен соған да разымын. Тас Төбет! Ұмытпасам, Шұғылаң сені осылай атамап па еді.

БАЛХАШ: Иә, алая қараса, албасты да қашады. Сенің қолыңнан у ішсем де разымын, патшайым!

АМАҒА: Мінеки, бұл да бипаздықтың белгісі. Есің Шұғыла түскен шығар, икемге кеп қалдың. Айтпақшы, жарты түнге жарымның төсегін суытпаймын деп қызғаныштан жайнаған Жетісу мен асқарлы Алатаудан, Дайлардың тағынан айрылыпты деседі. Бір ұрғашының етегіне бола елін тастап, қаңғырып кетті деген лақап таратып, туған інің тағынды тартып алған көрінеді. Өтірік пе, шын ба? Өтірік болса өсекшінің тілін кесемін!..

БАЛХАШ: Мен жорықтың адамымын, падишам. Тәңірім мені қару ұстауға жаратқан. Елімде жайма-шұақ күн туған соң Кир патшаға қызмет етуге аттандым.

АМАҒА: ~~Теңесер күш, тіресер жау таппай, қапарыман қамал қақыратқан батырды тағдырдың тәлкек еткеніне мен де қапалымын.~~ Тәңірдің бұйрығы, дос-жаранның қолымен өзенді де теріс ағызуға болады. Жау-жарағы сай жүз мың сарбаз беремін, жауынды шаңымен-ақ таптап кетеді. Бар-дағы опасыз ініңді тағынан қағып таста.

БАЛХАШ: Есесіне не тілейсің? *күлесің.*

АМАҒА: Бір-ақ тілегім бар: төсегіңді былғап, төріңді таптатқан Шұғыланың басы!

БАЛХАШ: Ықыласыңа рахмет, қайырымды падишам! Бірақ, Кир патша сенен де жомарт еді: сенің сарматтарыңмен қоса бүкіл Тұранның тағына отырғызам деген. Бір жүз мың емес, бірнеше жүз мың сарбаздарын айтпағанда, аузынан жалын бүріккен отарбасы бар жалдамалы эллиндердің өзі неге тұрады?! Мидияның әскери арбасы қарсы келгенді жапырақша турады. Тоғыз жыл қызмет еткенімде көзімнің жеткені – Кирді тоқтататын күш жоқ. Рахмет, падишам! Егер тақ керек болса, сенің сарбаздарыңсыз-ақ інімді қағып тастап, Жетісуды қайтарып алуға шамам жетеді. Дүниенің төрт құбыласын түгел қаратамын деген Кир патша енді Тұранға ауыз салмақ. Парсыларды тастап кеткенім де, туған жердің топырағына қайта оралғаным да осыдан.

АМАҒА: Екеуміз Кирді осы жерден күтіп аламыз, осы жерде белдемесін үземіз!

БАЛХАШ: Дұрыс айтасың, патшайым. Бірақ оған дейін массақтар мен дайлықтардың басын қосып қайтуым керек.

АМАҒА: Жалған айтасың. Есіл-дерттің Шұғыла. Саған сақтаған не қасиеті қалды оның?! Ат тұяғында тапталса, өз обалы өзіне. Ұрғашы біткен күң болуға құмартқан есіл ерді қорлағаны неткені?! Алтын басыңды аяққа тастама, Балхаш. Текті ит те өлімтігін көрсетпейді.

БАЛХАШ: Адырна тепкен жебені тоқтатып алу мүмкін бе?!

АМАҒА: Балхаштың қапысыз жолбарысы қақпанға мықтап түскен екен-ау! Шарап іш.

БАЛХАШ: Менің шөлім массақтардың суатына жеткенде ғана қанатын шығар... Ал Шұғыла болса, маған ұл тауып берген мұңлық. Бірақ оны сен түсінбейсің.

АМАҒА: Әрине. Дегенмен Шұғылаға кезінде ұлдан көрі төсек тәтті болғанын мен де сезем. Одан бері де тас үгіліп, тақ суып, төсек тер сасыған жоқ па! Дәмі қашқан тәттіден арқау болар арпа жүп. Жазылмаған жаранды жез тырнаққа қасытпай қал осында! Мен саған күң де болам, күн де болам!..

БАЛХАШ: Күң сенсіз де жетеді. Күн біреу-ақ, бірақ ол да Көк Тәңірісінің құзырында. Жаратқан ием жар болса, жаудың бетін күтемін. Мені асықтырған да осы.

АМАҒА: Бір сен үшін көлгірсіп, Шұғылаға көмекке бара алмаспын.

БАЛХАШ: Ондай жанашырлықты мен де күтпеймін. Тек тұла-бойыңды кернеген ашу-кекті Батысқа бұрсаң жөн еді.

АМАҒА: Батысқа?

БАЛХАШ: Киіміңе қарасам, эллиндердің елінен жаңа келген сияқтысың. Мен бұдан да асылың көргем. Егер сен Қапқастың керуен жолын қолыңа түсірсең, эллиндердің бар байлығы саған ағылар еді.

АМАҒА: Шұғыла сені Тас Төбет деп ақылыңды аңдамаған екен-ау. Парсылар Қапқас арқылы ізіңмен келіп көкжелкеден соғады деп қорқасың-ау. Сонда өрттің өтіне мені қалдырмақсың ба?

БАЛХАШ: Көркіңе ақылы сай патшайым, егер массақтар мен дайлықтар түстіктен келіп Кирді шапса, саған да жаман болмас-ты.

АМАҒА: Мейлі. Мен сенің қалауыңа қарсы емеспін, бірақ сен де менің бір өтінішімді орында.

БАЛХАШ: Сен қаласаң бауыр етімді тастап кетуге бармын! *тамау етін*

АМАҒА: Сен маған ұлыңды тастап кетесің.

БАЛХАШ: Оны массақтар бере қояр ма екен...

АМАҒА: Жөк, ол Шұғыланың сідігі. Сен маған менің ұлымды тастап кетесің! Ақыл-ойы, қажыр-қайраты сенікі, шайқауы менікі, сарматтарға патша, маған мұрагер керек. Мен сонда ғана бұл өмірден уайымсыз кетем!

БАЛХАШ: Кешір, патшайым! Мен Шұғыладан басқа ұрғашының қамау терін алған емеспін. Бұл тілегіңді орындай алмаймын.

АМАҒА: Жоқ, батырым, бұл менің ғана тілегім емес. Болмысы даудан, босағасы жаудан арылмаған мынау сармат деген елге қара! Кесіп берген бауыр етіңді қайтейін, жатыры бір, жаратылысы Тұран бауырыңа бір ұлыңды құрбандыққа қимасаң, онда құры! Жоғал!..

БАЛХАШ: Ендеше мынауыңды құрт! Болашақ мұрагердің ақыл-есі дұрыс, мұрны бүтін болсын десең шарапсыз жасаймыз!..

АМАҒА: Ей, сарбаздар, бізге шатыр тігіндер!..

Сарбаздар екеуіне қолма-қол шатыр тігіп береді.

7-е көртіңге Төртінші көрініс

Шұғыланың шатыры. Елес пен Шұғыла. Елес шырақ жаққан табаны алақанымен аластап тұр.

ШҰҒЫЛА: Көк аспан құрбандықты қабыл етті ме?

ЕЛЕС: Солай, патшайым. Көк аспанды кіршік жоқ. Тәңірім сені жебеп тұр! Халқың сені демеп тұр.

ШҰҒЫЛА: Елес, мен биліктен әбден шаршадым. Жыл артынан жыл өтті, билік маған үрей мен уайымнан басқа еш жұбаныш әкелген жоқ. Әкем марқұм көсемдердің күдірейген жалын күзеп, тойымсыз кеңірдектеріне оқтау тығып, алдымен ел қамын ойлаңдар деп еді. Ол кеткен соң бақталас пен күндестер тақ таласын қоздырып, бармақтай бақты бөлісе алмай сақтардың берекесін нілдей бұзды. Мен кәзірдің өзінде ысқырған жебенің ызыңын жауырыныммен сезіп тұрмын. Қаскөйліктен басқа қарекеті жоқ Амаға менің тіземнің қалтырағанын, қолымнан семсерімнің түскенін күтіп тұрмын. Балхаш кеткен соң дайлықтар да маған ту сыртын берді. Тақымым аттан, білегім садақтан тозды. Көні жібімейтін, көңілі тас көсемсіген бітеу мүскенелерді ақылға

шақырам деп сөзім де таусылды. ~~Жанашырдың құшағында жай тауып, сауыттың орнына сарафан кисем деймін. Жәдігөй, Тәңірге айтшы, мен тағы да құрбандық шалайын. Жәдігөй, Көк аспаннан сұрашы, егер мен тақты тастап кетсем тағдырым не болады?..~~

ЕЛЕС: Тәңірім үндемейді.

ШҰҒЫЛА: Ендеше сұра, тақты тастамасам не болады?

ЕЛЕС: Тәңірім айтады, егер тақтан кетпесең, дүниедегі ең қымбатыңнан, сүйгеніңнен айрыласың.

ШҰҒЫЛА: Парсылардың патшасы, ұлы Кир Соғдиянаны таптап, біздерге таяп қалды. Жау да болса мен оған ғашықпын. Қаншама ұмытайын десем де үш жыл болды, бейнесі көз алдымнан кетпейді: күнім де сол, түнім де сол сияқты, қуанышым да, сорым да сол сияқты, бірде қасиетімдей, бірде қасіретімдей басады да тұрады. Не істесем екен, Жәдігөй? Төзімім таусылды: төсім исініп, төсектің ләззетін аңсайды. Бүгіннен бастап тақты ұлыма тапсырам да алдынан шығамын. Етектерің затында күнаға батқан жалғыз мен емес! Тәңірден сұрашы, Кир мені күте ме екен?..

Жәдігөй шырақта алақанымен аластай бастайды. Үш қыз келіп арпалысып, жын қаққандай билей жөнеледі.

ШҰҒЫЛА: Енді қашан?!

ЕЛЕС: Тәңірім тіл қатпайды.

ШҰҒЫЛА: О Тәңірім, ~~енді маған не қыл дейсің?!~~ Жәдігөй, онда өзің жауап бер!

ЕЛЕС: Менің де тілім байланып тұр, патшайым.

ШҰҒЫЛА: ~~/семсерін суырып алып/ Ендеше тіліңді кесем! Жауап бер жаның барында!~~

ЕЛЕС: Ел қасіреті патшайымның ғашығын да ұмыттырады, ел бостандығы патшайымның бақытынан қымбаттырақ!

ШҰҒЫЛА: Жоғал!

Жәдігөй кетеді. Шұғыла шырақты шараппен өшіріп тастайды.

ШҰҒЫЛА: ~~/қапаланып жылайды/ Тәңірім! Өз басымды құрбандыққа шалған соң, енді қайтып бізден құрбандық тілеме!~~

Шұғыла тағына келіп отырады да басына қара орамал байлайды. Массактардың үш көсемін ертіп Спаргапис келеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым!

Шұғыла басындағы орамалын шешіп тастайды. Жүзінде қапалықтың ізі де жоқ.

ШҰҒЫЛА: Ұлым, ұйқысы қашқан адамның қасына жолай берме, өзің ұйқыдан айрыласың.

СПАРГАПИС: Ұлыңнан ұйқы қашқалы қашан!

ШҰҒЫЛА: Тынышыңды алған не?

СПАРГАПИС: Жайсыз хабар. Балхаш қайтып оралды.

ШҰҒЫЛА: Оның несі үрей? Келсе - өз елі. Ұлым, сезімді де тежей білген жөн. Қуанып тұрып қайғы ойла, егер елің соны қаласа. Қайғырып тұрып қуана біл, егер елің шаттыққа жараса. Сен патша тағының мұрагерісің, сенің қуанышың мен қайғың қара басыңдікі емес, халқыңдікі!

СПАРГАПИС: Менде тұрған дәнеңе жоқ. Мен сенің ниетіңді білейін деп келдім. Балхаштың қайта оралғаны жақсылық па?

АРДАШИР: Балхаш бізді парсыларға сатып кеткен!

Екінші КӨСЕМ: Ұлы патшайым, біз оған сенбейміз. Жарақты жауды ел шетіне ертіп келген сол!

Үшінші КӨСЕМ: Бүйірімізден сүңгісін сұққалы отырған Амағаның шатырына жол бойы түнеп шығыпты деседі.

ШҰҒЫЛА: Массактардың игі-жақсылары, қайсыңа сенсем екен? Егер Балхаш Амағаның шатырына түнеп шықса, батыстан келгені. Онда ел шетіне жау әкелгені өтірік. Егер ол Амағаның ауылынан шықса, артындағы сарматтардың қалың қолы қайда? Демек, Балхаштың сатқын екені өтірік! От алып қамысқа түскенше алдымен ойланып келіңдер. Үшеуің ғана өсек термей, массактардың он жеті көсемі түгел жиылып көшелі сөзін айтатын болсын. Барыңдар!..

Көсемдер еріксіз шығып кетеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым, егер мені ұлым десең, Балхашты қабылдама.

ШҰҒЫЛА: Неге? Әкеңді шешеңнен қызғанасың ба?

СПАРГАПИС: Ол сенің тағыңды тартып алғысы кеп жүр. Ол бізге патша болуға лайық емес!

ШҰҒЫЛА: Ерлі-зайыпты екі адам билікке таласпайтын шығар. Бастан жақты айырып қайтесің.

СПАРГАПИС: Ол дай ғой.

ШҰҒЫЛА: Болса ше? Түбі бір тұран. Әкең дай болғанда сен өзің кімсің?

СПАРГАПИС: Ат дүбірін естіп тұрмын. Соның өзі. Балаңды байға айырбастасаң өзің біл.

ШҰҒЫЛА: Тұла бойы жалғызымның орнын жан біткен толтыра алмас. Сенен жақын маған кім бар!

Жасауыл кіреді.

ЖАСАУЫЛ: Ұлы патшайым, парсылардың патшасынан елші кеп тұр.

ШҰҒЫЛА: Кірсін.

Мард кіреді.

МАРД: Патшалардың патшасы ұлы Кирдің елшісімін. Құрметті Шұғыла, сені көргеніме қуаныштымын. Патшайыммен жүздессем деп едім.

СПАРГАПИС: /қанжарын суырып алып/ Бейшара парсы, менің анамның, ұлы патшайымның сақтар ғана айтуға қақысы бар есімін атауға аузың қалай барды?!

ШҰҒЫЛА: */ұлын тоқтатып/ Ұлым, бекзадам, елші екеумізді оңаша қалдыр.*

СПАРГАПИС: Мен ше?..

ШҰҒЫЛА: Бар. */Мардқа/ Сұхбатымыз ұзаққа созылатын шығар. Солай ма?*

МАРД: Оны патша көңілің білсін.

Спаргапис ашулы, тысқа ата жөнеледі. Оны авансценада үш көсем тоқтатып алады.

АРДАШИР: Қуып шықты ма? Жалғыз ұлдан жасыратын не құпия болды екен?

Екінші КӨСЕМ: Шатаның түбі шикі. Ақылгөйге санамағаны, мұрагерлікке жарамағаны да.

Үшінші КӨСЕМ: Бекзада, елшінің беті қалай?

СПАРГАПИС: Аулақ кет!

АРДАШИР: Біз кетерміз-ау...

Екінші КӨСЕМ: Кетсек Балхашқа баратын шығармыз. Қосы күншілік жер екен ғой, кешкі асқа жетіп қалармыз.

Үшінші КӨСЕМ: Жоқ мен өлсем де бекзаданың қасында қаламын. Нағашысына тартса, бұдан өзге елге бас болатын ешкім жоқ!

АРДАШИР: Бірақ бұл бізді көзге іліп те тұрған жоқ қой.

Екінші КӨСЕМ: Жалғыз өзі жауға шаппақ. Ажалы жетпей кім өлген!

СПАРГАПИС: Айта түс, мен тыңдап тұрмын.

Үшінші КӨСЕМ: Осы жерден кетсек деймін, тынысы тым тарылып барады...

СПАРГАПИС: Онда тарттық сайынға! Атты әкеліңдер!

Бесінші көрініс

Шұғыланың шатыры. Шұғыла тақта отыр. Екі қанатын ала Балхаш, Спаргапис, ру-тайпа көсемдері. Мард кіреді. Қолында жиегін алтынмен әдіптеген шиыршық тері.

МАРД: */тас-керең тыныштықта Шұғыланың алдына келіп/ Томирис патшайым, бүкіл әлемнің әміршісі саған тілхат жолдап отыр. Тыңдай бер: мен Кир, патшалардың патшасы, төрт құбыланың әмірі, жасын мен найзағайдың иесі Камбиіздің ұлы, құдайдың оң қолы Ахеменнің ұрпағы, парсы елінің патшасы саған айтарым: иығыңа бахыттың самұрық құсы қонды, маған қатын болуға саған мұрсат беріп отырмын! /шиыршығын Шұғылаға ұсынып/ Мінеки, сенің ұлы даражаңның хатқа түскен куәлігі.*

ШҰҒЫЛА: Менің байға тигенімді, бала сүйгенімді парсының патшасы білмейтін бе еді?

МАРД: Бөктері бүкіл әлемге пана болған, асуы көк аспанмен тірескен қасиетті Феридун тауының шаңырағын тіреп тұрған патшалардың патшасы сені өзіне тең санаса шалқаям деп қапы қылма. Сен байдың құрығынан озбайтын отбасының пендесі емес,

патшайымсың. Сонсоң патшалардың патшасы өзіне жар қылуға ниет білдіріп отыр.

ШҰҒЫЛА: Ендеше, патшайымды сен де тыңда: менің артымда еңсіз ел жатыр, бүкіл елді қатын қылуға патшалардың патшасының әуселесі жетпес!

МАРД: Патшалардың патшасы, ұлы Кирдің жасағы аспандағы бұлттан қалың. Оған жүздеген піл мен жез инемен жарақтанған нубийлерді қоссаң сақтың даласында ат тұяғын жыртық қалмас. Сенде бар болғаны сауыт киген қыз-қырқын мен бәрі тымақты мың сарбаздан басқа не қалды? Амаға патшайым көмекке өлсе келмейді. Балхаш тиграхаудтың патшасы емес, кәрі-құртаң жүз қолмен бізден қашып кеткен қаңғыбас, одан не қауқар?! Біз күні ертең Сейхунды кесіп өтелік деп тұрмыз!..

ШҰҒЫЛА: Амағаның көмекке келмейтіні рас. Бірақ оның қолы Қапқастан Ұлы Өзенге дейінгі бүкіл батысты қамап жатыр. Одан сенің инең де, итің де өте алмас! Демек, вавилоның да, ассирияң да біздің қараны көре алмас! Балхашқа ермесе дайлықтарға ас батпайтынын білесің, жиырма мың қолы іргеде тұр. Ал сақтар ел болып атқа мінсе, олардың санына ешкім жеткен емес. Мард, айта қойшы, біздің аспанымыз сияр сарайың бар ма?

МАРД: Жоқ, патшайым.

ШҰҒЫЛА: Біздің даламыз сияр қорғаның бар ма?

МАРД: Жоқ, патшайым.

ШҰҒЫЛА: Сарай мен қорғанға тығылып отырған тулақтай жұрт сары далаға сыймаған сақтарды да қорқытпақ!.. Бар, жолың әне!..

МАРД: Патшайым, бұл сенің соңғы сөзің бе? Ойлан.

БАЛХАШ: Жоғал! Әкетіндер мынаны!

Екі жасауыл Мардты сүйрей жөнеледі.

МАРД: /айқайлап/ Патшайым, ұлы Кир үш жыл бойы Шұғыласын күтіп, тұғырында түлеп отыр!..

ШҰҒЫЛА: Мына байқұстың есі ауып кеткен шығар, қу жанын қинамай жаһаннамға аттандырып жіберіңдер!

Жасауылдың бірі Мардты бауыздап жіберіп шатырдан сүйреп алып кетеді.

ШҰҒЫЛА: Балхаш, әлгі бейшара не деп айқайлады, ұқтың ба?

БАЛХАШ: Түсінсем бұйырмасын!

ШҰҒЫЛА: Жақсылар! Жайсаңдар! Енді ақылдасайық, жауды қайдан күтеміз, жасақты қайда қоямыз?

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы падишам, маған бәрі тымақтының қолын түгел бер, Кирді жер жастандырам!

Бірінші КӨСЕМ: Дала кең, қорғаушысы кем. Енді ең далаға алып кету керек. Шығанға шыққан соң қырдан қол, ойдан ақыл жинаймыз.

ДАУЫСТАР: Дұрыс! Дайлықтардың қашан келері де белгісіз. Оған дейін қол қусырып отырамыз ба!

ШҰҒЫЛА: Балхаш, сен не айтасың?

БАЛХАШ: Патшайым, алдымен Спаргаписке бәрі тымақтыларды бер. Олар өліспей беріспейді. Арзан санағанда оны ажалдан құтқарады.

СПАРГАПИС: Мен ажалдан қорқып тұрғаным жоқ!

БАЛХАШ: Кешір, бекзадам, жеңілмейсің деп тұрғаным жоқ. Қыздар қасыңда болсын, патшайым. Бәрі тымақтыларға бес мың Дай қосылса, Кирді Сейхунда тоқтатамыз. Оған дейін Массактар да қол жиып үлгереді. Ең бастысы – жауды өзеннен өткізбеу. Арбасы ауыр, аттарының жүгі жүз батпан, сонсоң да олар салмен жүзуге мәжбүр. Біз қарсы жағадан жермай шылаған жебемен өртеп, есінен тандырамыз.

ШҰҒЫЛА: Естідіңдер ме?! Балхаштың бұйрығы қалтқысыз орындалатын болсын!

БАЛХАШ: Сонда сенің жауабыңды Кирге кім жеткізеді?

ШҰҒЫЛА: Ұшқан құстан жібермесем, маған кәзір екі аяқтының бәрі қымбат.

Аяқ-астынан Елес пайда болады.

ЕЛЕС: Мен барамын!

Көсемдер тарқылдап күледі.

АРДАШИР: Мынаны түсінде көрген қатын түсік тастағандай екен!

Екінші КӨСЕМ: Ұлы патшайым, бикешті парсылардың патшасына сыйға тарсаң қайтеді?! Қалыңдықта қып киіндірейік!

БАЛХАШ: Патшайым, парсылардың мінезін жақсы білесің, табан астыңда бұл байқұстың басын шауып тастайды да.

ЕЛЕС: Ажал менен әлде қашан әдіре қалған. Жер жаратылғанда бар едім, таптай-таптай жерді де шаршаттым, қақсай-қақсай елді де шаршаттым. Көк аспан мені күткелі қашан! Өмірден тажал, көктен ажал тілегендерді Тәңірге өзім жетектеп апарам.

КӨСЕМ: Кімді айтып тұрсың, Жәдігөй?

ЕЛЕС: Тек сен емессің. Өмірге септігі, өлімге тектігі жоқ сені ажал да қайтсын!

ШҰҒЫЛА: Сонда кім? /ұлын артына көлегейлеп/ Мүмкін мені апарарсың?..

ЕЛЕС: Тәңірім жауап қатпады. Патшайым, маған Мардтың арбасын әкеліңдер. Асықпасам болмас. /есікке қарай беттейді/

ШҰҒЫЛА: Сені өзім шығарып саламын. Қасиетті Жәдігөйдің аяғына қару жығыңдар!

Бәрі де семсерлерін қынабынан суырып Жәдігөйдің аяғына тастайды. Шұғыла Елестің соңынан ереді. Жұрт қаруларын қайта көтереді.

БАЛХАШ: Ал енді не тұрыс?.. Сейхуннан табысамыз да. Ат аяңнан озбасын, шаң шықпасын, от жағылмасын. Қалған бұйрық менен!

Бәрі де тарай бастайды. Ардашир Спаргаписті ұстап қалады.

АРДАШИР: Бекзада.

СПАРГАПИС: Құлағым сенде.

АРДАШИР: Көрдің бе, таққа отырғандай таңқылдауын! Дайлықтар түгел жиналған соң шетімізден қағып тастайды. Патшайымға қауіп төнді. Оның орнын енді Амаға басады.

СПАРГАПИС: Сенбеймін. Билік үшін сүйген жарын құрбандыққа қия қоймас.

АРДАШИР: Бүкіл Тұранның патшасы боламын деген жауызға жар деген түк емес. Егер...

СПАРГАПИС: Сөзіңді жұтпа.

АРДАШИР: Егер Кирді жеңер болсам, мұқым әскер Балхашты жақтап шығады.

СПАРГАПИС: Сонда не істеуіміз керек?.. Мұны жеңетін күш әлі тумаған!

АРДАШИР: Оның амалы – жебенің уында. Бекзада, мен жалғыз емеспін. Сақтардың игі-жақсылары, көсемдері тақтан тек сені ғана көргісі келеді. Спаргапис патшаны!..

Алтыншы көрініс

Шұғыла мен Елес жеке. Жәдігөй отырған әскери арбаның доңғалағы ғана көрінеді.

ШҰҒЫЛА: Сен оған айт: кідірмей еліне қайтсын. Егер мені сүйетіні рас болса, қайтуға тиіс.

ЕЛЕС: Сөзіңді жеткізермін. Шұғыла, сен анасың, сен данасың, көпке әділ, көсемге панасың, алдыңды ешкім кесіп өткен емес. Тұранның қатыны қыз тапса, атын Шұғыла деп қойып жатыр. Сен білмейтін құпия жоқ. Бірақ бір нәрсені білмейсің, ол – еркек. Кир бетінен қайтпайды.

ШҰҒЫЛА: Қош! Мен сені қайтып көре алмайтын шығармын!

Арба қозғала беріп жоғалады.

Сахнада колоннамен қозғалған парсы сарбаздарының биі. Оған қарсы билеген сақ сарбаздарының биі.

Жетінші көрініс

Шұғыланың шатыры. От басында Шұғыланың жалғыз өзі отыр.

ШҰҒЫЛА: Жәдігөй де жоқ. Тамырымды кім басар, тағдырымды кім айтар?! /Қолын отқа созып/ О, Тәңірім, айтшы, бүгін кім жеңеді, кім өледі?! /Көкке телміріп/ Неге үндемейсің?..

Аптығып Спаргапис келеді.

СПАРГАПИС: Анашым, ұлы патшайым!

ШҰҒЫЛА: Не боп қалды?! Парсылар өзеннен өтіп кетті ме? Балхаш қайда? Өлген-жіткен бар ма?

СПАРГАПИС: Білмеймін! Балхаштың қайда екенін білгім де келмейді! Мен жағадан жасағымды алып кеттім. Балхашты мен де сынаймын. Дайлықтар дайын таққа құмар ғой, көрсін қорғап сол тақты!

ШҰҒЫЛА: Не деп тұрсың, ұлым-ау?! Ұрыстан қашып шықтым десеңші! Қашқын болдым десеңші!..

СПАРГАПИС: Кирді күні ертең тас-талқан қыламын! Парсылар өлігін Сейхуннан издесін! Бізге қауіпті парсының патшасы емес, көп болса келді, кетті. Қауіпті Балхаштан күт. Шетімізден етше турап, бүкіл Тұранға патша болмақ! Бір дүркін сатып кеткен қаңғыбастан қайтып қайыр күтпе!..

ШҰҒЫЛА: Келе жатыр.

СПАРГАПИС: /алақтап/ Кімдер?..

ШҰҒЫЛА: Берік бол балам! Сен үшін мен де құрбандық шалғам! Ел үшін сен де бүгін құрбансың! Ең болмаса еркек боп өл! Ақылға сыймайтын, атаққа көнбейтін іс қылдың. Соғыстың аты соғыс! Оның заңын ана да, патша да бұза алмайды! Кешір мені.

СПАРГАПИС: Не айтып тұрсың, анашым?!

Шұғыла сүйретіліп тағына барып отырады. Көсемдерді ертіп Балхаш келеді.

БАЛХАШ: Патшайым, парсылар бергі жағаға өтіп кетті. Бес мың дайлықтан қалған жалғыз мен!..

КӨСЕМ: Бөрі тымақтылар ұрысқа кірген жоқ. Оң қанат ашық қалды, патшайым!

ШҰҒЫЛА: Білем. Кесімін айтыңдар!

КӨСЕМ: Оны өзің де білесің. Мен айтсам - өлім!

КӨСЕМДЕР: Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім! Өлім!..

КӨСЕМ: Бекзада Спаргапис! Сатқындығың үшін өлім жазасына кесілдің!

БАЛХАШ: Тоқтатыңдар! Тақсыр, мұның еті сенікі болғанмен сүйегі менікі! Аңғал жасты алаяқ біреу адастырды. Спаргапис, айт, кім сені адал жолдан тайдырған?..

АРДАШИР: Қолдарың қалтыраса, мен-ақ мұны/семсерін суырып алып Спаргаписке ұмтылады/ң көзін жоғалтайын!

БАЛХАШ: /жолын кес-кестеп/ Қолыңды алдымен маған жұмсап көр!

КӨСЕМ: Балхаш, былай тұр! Массактардың заңын кім бұзса, оған да өлім!

БАЛХАШ: Мен массақ емеспін!

КӨСЕМ: Сені айыптап тұрған жоқпыз.

БАЛХАШ: Баласының басы кеткелі тұрғанда Балхаш қарап қала ма?! Мұның да сүйегі дай, бізде де көсемдер бар, бізде де заң бар, дат бізден болмай кімде-кім бұған қол көтерсе, менің қолымнан мерт болады!..

АРДАШИР: /Балхашқа ұмтылып/ Онда өз обалың өзіңе!

Әп-сәттік айқас. Ардашир сұлап түседі. Екінші көсем жасқаншақтап Балхашқа жақынбай берген.

ШҰҒЫЛА: Тоқтатыңдар! Біріңді-бірің турап құртатын түрлерің бар, парсының патшасы бекерге ат сабылтқан екен-ау! Балхаш, ұлымның сүйегі менікі дедің ғой, рухың бір болғанмен ұраның бөлек, ендігі кесімді сен айт!

БАЛХАШ: Елден қуылсын!

СПАРГАПИС: Мен өз елімнен ешқайда кетпеймін. Өлімді өз топырағымнан күтемін! */Шұғылаға келеді/* Анашым, ұлы падишам...

ШҰҒЫЛА: Жоғал! Тегінді тап! Жетісуға жет!..

КӨСЕМ: Балхаш, ұлыңа ескерт, енді қайтып бұл елге аяқ басса, кез-келген массақ басын шауып тастауға қақысы бар!

БАЛХАШ: Кетем деген ерге ел толып жатыр. Өлімді ақшаға да, алтынға да, атаққа да сатып алуға болады. Бар!..

ШҰҒЫЛА: Көсемдер! Жауға бөрі тымақтыларды өзім бастап барамын! Ақырғы айқасқа дайындалыңдар!..

Көсемдер кетеді.

СПАРГАПИС: Дай патшасы!

БАЛХАШ: Бұл жерде саған орын жоқ. Менің атыма мін де тай! Ұшарыңды жел, қонарыңды сай білсін!

СПАРГАПИС: Жел құйын болып қайта оралса, қонар сайым осы жер болса ше?!

БАЛХАШ: Өз басыңа өзің өлім тілеме, ұлым. Сен маған да, анаңа да қымбатсың! Біздің бір тапқан амалымыз осы!

СПАРГАПИС: Рас па?

БАЛХАШ: Рас.

СПАРГАПИС: Қарусыз қанды жолға қалай шығам. Маған қанжарыңды бер.

БАЛХАШ: Ала ғой. Бұл сенікі. Тек дай патшасының қаруы екенін ұмытпасаң болды.

СПАРГАПИС: Арманым қолыма бір ұстау еді, Тәңірім оған да жеткізді. */қанжарды өз көкірегіне сұғып алады/* Ризамын...

БАЛХАШ: Балам-ау, бұл не қылғаның?! Сен мені өлтірдің ғой! */Спаргаписті құшақтап, басын көтереді/*.

СПАРГАПИС: Әке, мені қорқақ деп ойлама! Мен өлімнен қорыққан емеспін!

БАЛХАШ: Білем. Сенде шешенің жүрегі, әкенің білегі бар еді. Өкінішті!..

СПАРГАПИС: */Балхаштың иығынан сипап/* Сен жаралысың ғой.

БАЛХАШ: Әншейін, жебе сызып кеткен.

СПАРГАПИС: Жебеде у бар-ды. Сол у мені де улап тынды.

БАЛХАШ: Ажалыма қанша уақыт қалды?

СПАРГАПИС: Білмеймін, у жаққан Ардашир... Мен саған ұқсап бақсам деп едім ғой, әке!.. Өмірге екі Балхаштың қажеті жоқ деп қызғаныштан екеуін де жоқ қылдым-ау!.. */сылқ түседі/*

Балхаш баласының бетін дайдың туымен, денесін массақтың туымен жабады. Дайдың сарбаздары келеді.

БАЛХАШ: Сарбаздар! Бекзаданың денесін Жетісу мен Арқаның тең ортасына апарып, алтынға бөлеп, күміс табытқа салып көміңдер! Сол мазардан маған да орын сайлаңдар! Өлді деп ешкім айтпасын! Өлгенімізді ешкім білмесін! Сақ біткен бізді тірі деп түсінсін! Біз сары далаға әлі сан рет қайта ораламыз!.. О, Тәңірім, жебенің уын тарта тұр! Маған бір майданға,, ақырғы майданға мұрсат бер! Осыдан басқа тілегім жоқ, Тәңірім!..

Сегізінші көрініс

Түн. Дала. Кир жалғыз. Басын көтеріп, жұлдыздарға қол созады.

КИР: Ей, құдайлардың құдіретт Ахурамазда! Көк аспанның мұзартын көлбей жыртқан күймеңді көріп тұрмын. Күймедегі төрт пырақтың бірі от, бірі су, бірі жер, бірі әуе! Төрт пырақтың тізгінін мәңгілік сен де ұстап тұра алмассың. Түбі жерді де, суды да, әуені де от жалмап, тіршіліктің күймесі төңкеріліп түссе, түпсіз тұңғиыққа жұтылып, бүкіл әлем күңіреніп бос қалмай ма?! Мен осында неге келдім? Менің күймемді қай қудай келді? Менің жұртымды қай тағдыр қайда қуып барады?! Көз алдымда түпсіз тұңғиық, көк аспанның ызғары!.. /бетін алақанымен жабады/

Аяқ-астынан әйел сүлдері пайда болады: үстінде ақ жамылғы, Шұғыланың бас киімі.

КИР: Шұғыла! /қарсы ұмтылады/

Қарлыққан әйел күлкісі. Кирдің алдында кемпір бейнесіндегі Жәдігөй.

КИР: Мыстан!

ЕЛЕС: Кир, мен сенен ажал сұрап келдім!

КИР: Жоқ, Шұғыла келіп құшағыма кірмесе, мен Томиристің басын аламын!..

Тоғызыншы көрініс

Сақтар мен парсылардың ұрысын бейнелейтін би. /Екі бүйірден айна қойса, массовканы көбейтіп, эффекті берер еді/.

Шайқастан соңғы дала. Жаралылардың ыңыранған дауыстары, аттардың шұрқырай кісіні ескені естіліп тұр. Шұғыла шығады. Соңында тайпа көсемдері мен сарбаздар.

КӨСЕМ: Тақсыр, парсылар талқандалды! Кир қашты!

ШҰҒЫЛА: Жеңдік деп желікпендер! Бұл жеңіс қасіретпен парапар, қаза тапқандарың қаншама!..

САРБАЗ: Есебіне жетіп болмайды! Оларды құзғын ғана санап жатыр!

КӨСЕМ: Менің жеті жүз сарбазымнан жетеуі-ақ қалыпты.

ШҰҒЫЛА: Балхаш қайда?

КӨСЕМ: Кирдің арбасына ұмтылғанын бір көріп қалғам.

Балхаш көрінеді. Сүрініп кетіп, сүрініп кетіп зорға келеді. Сарбаздар сүйемелдеуге ұмтылған еді, бірақ оларды серпіп тастап Шұғылаға өзі келеді.

БАЛХАШ: /Торсықтан Кир патшасының басын суырып алып/ Ұлы патшайым, мынау патшалардың патшасы ұлы Кирдің басы! /басты Шұғыланың аяғына лақтырып тастап, өзі де құлап түседі/.

КӨСЕМ: /Балхаштың үстіне төніп/ Жантәсілім етіпті... Ей, Тәңірім, пақырдың жанын Агро-Майнюдің зұлым тырнағына түсіре көрме!

ШҰҒЫЛА: Бірің қалмай тараңдар!..

Барлығы да кетеді. Шұғыла Балхаштың денесін құшақтап, бетінен сипайды.

ШҰҒЫЛА: Қасиетті Көк аспан, құдіреті күшті Тәңірім! Үн қатпағаның осы екен ғой!.. Балхаш, рухыңа бас идім! Сен менің жар дегенде жалғызым едің! /Балхаштың семсерін көкірегіне қойып, қолын соған айқастырады да Кирдің басына келіп көтеріп алады/. Сен менің жалғандағы жалғыз сүйіктім едің!..

Аяқ-астынан Жәдігөй пайда болады. Шұғыланың қолынан Кирдің басы түсіп кетеді.

ЕЛЕС: Балаңды құрбандыққа шалдың! Байды құрбандыққа шалдың! Сүйгеніңнің басын алдың! Өзің ғана қалдың! Өзіңе не қалды?

ШҰҒЫЛА: Сақ деген ел қалған жоқ па! Сақтың сары даласы – жер қалған жоқ па!.. Жамағат!..

Тірі қалғандар түгел жиналады.

ШҰҒЫЛА: /Кирдің басын торсыққа қайта салады/. Патшалардың патшасы ұлы Кир, құмартқаның сақтың қаны еді! Жақсылар мен жайсаңдар, көсемдер мен көк сүңгілі сарбаздар, мынау торсықты парсының қанына толтырыңдар да еліне қайтарыңдар, қанып ішсін де жаны жай тапсын!.. Көк Тәңірі сыйлаған сақтың сары даласына енді қайтып ешкім бас сұқпасын! Тұранның қасиетті туын ешкім жықпасын!..

Соңы.